

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 556 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 желтоқсан N 2013. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:\

1. "Кеден брокері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 556 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N16, 130-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Мемлекеттік кеден комитеті" деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын; аталған қаулымен бекітілген Кеден брокері туралы ережеде: мәтініндегі "Мемлекеттік кеден комитетінің", "Мемкеденкомы", "Мемкеденкомының", "Мемкеденкомы", "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында", "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының" деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің", "Кеденком", "Кеденкомның", "Кеденком", "Қазақстан Республикасының Заңында", "Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

бесінші абзац "құралдарын" деген сөзден кейін "кеден органына" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "салықтарының төленуін қамтамасыз ету" деген сөздер "салықтарын төлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ "өзге тұлғаға" деген сөздерден кейін "егер Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында басқаша белгіленбеген болса" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың алтыншы абзацы "құзыретіне жататын" деген сөздерден кейін "бақылау-қадағалау функцияларын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақ "кеден төлемдерін" деген сөздерден кейін "және салықтарын" деген

сөздермен

толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК